«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

М. Горький көшесі, 65, Өскемен қаласы,
Шығыс Қазақстан облысы, Қазақстан Республикасы, 070004,
тел./факс: 8 (7232) 248-218, e-mail: fink.ustk@minfin.gov.kz

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

улица М. Горького, 65, город Усть-Каменогорск,
Восточно-Казахстанская область, Республика Казахстан, 070004,
тел./факс: 8 (7232) 248-218, e-mail: fink.ustk@minfin.gov.kz

19.08.2021 года № 05-13/3627

«ГЕМАКАСЕС» ЖШС
Мемлекеттік сатып алулар веб-порталы

Өтінішке жауап

ШҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі – Департамент), Сіздің мемлекеттік сатып алулар веб-порталы арқылы Ұйымдастырушы – «Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Семей қаласы бойынша білім бөлімінің «Әлихан Бөкейхан атындағы № 39 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің №5998934-1 «Электр сымдарын және өрт сөндіруді күрделі жөндеу Шығыс Қазақстан облысы Білім басқармасы Семей қаласы бойынша білім бөлімінің «№39 жалпы орта білім беретін мектеп»КММ ғимаратында белгі беру» конкурсына берген №116914 (кіріс №ЮЛ-П-1015) өтінішіңізге келесіні хабарлайды.

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (бұдан әрі – Қағида) 155 тармағына сәйкес:

«Егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер (жобалаушы) ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер (қосалқы жобалаушы) ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс нысанасы болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер (қосалқы жобалаушы) ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Құрылыс объектісі деп бір азаматтық-құқықтық шарт шеңберінде орындалған, нысанасы өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасына сәйкес келетін жұмыстар түсініледі.

Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Жұмыстар деп бір азаматтық-құқықтық шарт шеңберінде орындалған, нысанасы өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасына сәйкес келетін жұмыстар түсініледі.

Егер конкурс (лот) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен аспайтын болса, осы өлшемнің конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері бес пайыздан аспайды.

Егер конкурс (лот) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен асып кеткен жағдайда, осы өлшемнің конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспайды.

Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 5 және 5-1-қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады».

Өз кезегінде, құрылыс саласындағы (құрылыс-монтаждау жұмыстары) жұмыстарды сатып алу кезінде әлеуетті өнім беруші толтыратын, Қағиданың Конкурстық құжаттамасына 5-қосымшасы – Біліктілік туралы мәліметтер ескертпесінің 9-тармағына сәйкес: *Әлеуетті өнім берушінің құрылыс (құрылыс-монтаж жұмыстары және жобалау) саласындағы жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде жиынтығында есепке алынады:*

1) ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік деңгейі (біріншісі – жоғары, екіншісі – қалыпты, үшіншісі – төмен).

Егер конкурстың мәні бірінші (жоғары) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстар болып табылса, тек бірінші (жоғары) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер конкурстың мәні екінші (қалыпты) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстар болып табылса, бірінші (жоғары) және екінші (қалыпты) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер конкурстың мәні үшінші (төменгі) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстар болып табылса, бірінші (жоғары), екінші (қалыпты) және үшінші (төменгі) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі;

2) объектілердің техникалық күрделілігі (техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен құрылыстар және техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар).

Егер конкурстың мәні техникалық күрделі объектілер (кешендер) болып табылса, тек техникалық күрделі объектілердің (кешендердің) жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер конкурстың мәні техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар болып табылса, техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі.);

3) функционалдық мақсаты (өнеркәсіптік объектілер, өндірістік ғимараттар, құрылыстар, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, өзге де құрылыстар);

4) бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе ұқсастығы тұрғын үй – азаматтық мақсаттағы объектілердегі жұмыстарды қоспағанда, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының

(бұдан әрі – "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заң) бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің бір кіші бөлімінде болған жағдайда ескеріледі.

Сонымен қатар, ведомстводан тыс кешенді сараптама бойынша 28.05.2021 жылғы №АЭ-0176/21 қорытындының 7.2 тармағына сәйкес, конкурс нысаны бойынша техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын, II (қалыпты) деңгей белгіленген.

Және де, Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның 6-тармағына сәйкес, *егер конкурстың мәні күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, жаңа объектілерді салу, қолданыстағы объектілерді кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, реконструкциялау және күрделі жөндеу жұмыстарының тәжірибесі ескеріледі*.

Сол себепті, Сіздің өтінішіңізде көрсетілген «Бел-Каз» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесі 5-қосымшаның 6-тармағы негізінде конкурс мәніне сай келмеу себепті, шартты жеңілдік тағайындауға жатпайды. Бұл ретте, өтініш уәждері өз дәлелін тапты.

Бұдан әрі, өтініште көрсетілген Сіздің ұйымыңыздың «*Капитальный ремонт здания средней школы №229 "Абызтобе" в ауле Каратобе Жанакорганского района Кызылординской области" (2014)*» нысаны бойынша, конкурстық өтініште берілген Объектіні қолданысқа қабылдау актісінде «ГЕМАКАСЕС» ЖШС орындалған жұмыстар бойынша қосымша мердігер ретінде көрсетілмеген. Сонымен қатар, аталған нысан бойынша, конкурстық өтініш құрамында Сәйкестік туралы декларация салынбаған.

Бұл ретте, 5-қосымшаның 2-тармағына сәйкес, *Егер конкурстың мәні Жаңа объектілерді салу, сондай – ақ қолда бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 20-бабына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері.*

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері ұсынылады,онда бұл қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетіледі.

Қосалқы мердігер туралы мәліметтер объектіні пайдалануға қабылдау туралы актіде болмаған жағдайда, қосымша, қосалқы мердігер туралы мәліметтері бар сәйкестік туралы декларацияның электрондық көшірмесі ұсынылады.

Сонымен қатар, өтініште көрсетілген *"Капитальный ремонт здания дома культуры в с.о. Кожакент Жанакорганского района Кызылординской области"., 2016, "Капитальный ремонт здания клуба в села Жетиколь"., 2017, "Капитальный ремонт здания ГУ СШ №168 в ауле Кожакент,*

Жанакорганского района, Кызылординской области"., 2016, Капитальный ремонт школы (ремонт спортивного зала)" КГУ " Школа-лицей № 57 имени С. Саттарова" акимат г. Караганды ГУ "Отдел образования г. Караганды", 2019, "Капитальный ремонт здания общежития аграрно-индустриального колледжа расположеного по ул.КТУ-11,дом 3 В селе Шиели, Шиелинского района, Кызылординской области", 2017, "Капитальный ремонт зданий клубов в аула Қаратөбе"., 2015, "Капитальный ремонт учебно-бытового корпуса Шиелийского аграрно- индустриального колледжа в пос.Шиели, Кызылординской области"., 2017» нысандары бойынша, орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні қолданысқа қабылдау актілерінде, конкурс мәніне сәйкес келетін (*электромонтаждау және өртке қарсы дабыл жүйелерінің құрылысы*) жұмыстар көзделмеген.

Дегенмен, өтініште көрсетілген басқа нысандар бойынша Сіздің ұйымыңыздың жұмыс тәжірибесі, дәлелдеуші құжаттарға сәйкес, конкурс мәніне сай келетін жұмыстар атқарылған.

Сол себепті, Қағиданың 155 тармағына сәйкес, Сіздің ұйымыңыздың жұмыс тәжірибесі үшін шартты жеңілдігі 5% құрайды.

Бұл ретте, Сіздің уәждеріңіз өз дәлелін тапты.

Сол себепті, Ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алулар веб-порталы арқылы камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы Хабарлама бағытталатын болады.

Камералдық бақылау, Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 21 тармағының бірінші абзацына және ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңының 47 бабы 5 тармағының сәйкес жүргізілді.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 91 бабына сәйкес, әкімшілік актіні (әкімшілік әрекетті/ әрекетсіздікті) шағымдану жоғарғы тұрған органмен қаралады, немесе Сотқа шағымдануға құқылысыз.

Бұл ретте, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңының 47 бабының 9 тармағына сәйкес, осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Басшы **С.Мамаев**

✍ Саркытов К.М.
☏ 8/7232/577896